

Көкшетау облысында "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 сәуір N 415

Көкшетау облысының ерекше экологиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғат кешендерін сақтау және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Көкшетау облысы әкімінің, Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің, Ғылым министрлігінің - Ғылым академиясының Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің қарамағында "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін құру жөнінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне Айыртау, Арықбалық және Зеренді аудандарының жер пайдаланушыларының жерлерінен қосымшаға сәйкес жалпы көлемі 78561 гектар жер учаскесі тұрақты жер пайдалануға берілсін және олар "ұлттық табиғат парктері ормандарының" қорғаныштық санатына жатқызылсын.

3. Көкшетау облысының әкімі құрылатын "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі режимін қамтамасыз ету үшін оның сыртқы шекаралары бойымен негізгі жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін алмай, осы аймақтың аумағында аталған парктің табиғат кешеніне теріс әсерін тигізетін қызметке тыйым салатын қорғаныштық аймақтар орнатсын.

4. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жергілікті жерлерде құрылатын "Көкшетау" ұлттық табиғат паркі жерлерінің шекараларын орнатсын, осы парктің тұрақты жер пайдалану құқығына ұсынылған жер учаскелеріне құжаттарды рәсімдесін.

5. Көкшетау облысы әкімінің облыстық бюджет қаражаты есебінен "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің пайдалануына ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жерлерінің бөлігін алып бергені үшін келтірілген зиянды оларға өтеу туралы 1994 жылғы 6 шілдедегі N 129 шешімі назарға алынсын.

6. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті:

ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, аталған парктің аумағын функциялық аймақтарға бөлуді техникалық-экономикалық негіздемемен белгіленген парк аумағындағы өзгерістерді ескере отырып анықтасын;

республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекеме нысанында жедел басқару құқығы

негізінде іс-әрекет ететін, табиғат қорғау, ғылыми және мәдени-ағарту қызметін жүзеге асыратын заңды ұйым ретіндегі "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің жарғысын екі айлық мерзім ішінде бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің балансына орман шаруашылығы кәсіпорындарының оған берілетін негізгі және айналым қорын белгіленген тәртіппен беретін болсын.

8. "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің негізгі қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің 1996 жылға арналған бюджетіндегі операциялық шығындар құрамында көзделген қаржылар есебінен және соның шегінде жүзеге

асырылсын. Келесі жылдарда қаржыландыру республикалық бюджеттен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылсын.

9. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық паркінің құрылымы мен штатын бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 10 сәуірдегі
N 415 қаулысына
Қосымша

Жер учаскелері алынатын және олардың тұрақты жер пайдалану
құқығы құрылатын "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат
паркіне берілетін Көкшетау облысы жер пайдаланушыларының
Тізбесі

1. Жер учаскелері алынатын жер пайдаланушылардың атауы
Жер учаскелерінің көлемі, гектар (оның ішінде) (олардан)
2. Барлығы
3. Ауыл шаруашылығы алаптары
4. Егістік және тыңайған жер

5. Көп жылдық екпелер
6. Шабындық
7. Жайылым
8. Ормандар
9. Басқа жер алаптары

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Айыртау ауданы

Запастағы жерлер (Шалқар көлі)	3241							3241
"Айыртау" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	910	797	30			767		113
"Шалқар" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	561	516	69			447		45
Озерное орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорны	1483					1483		
Қорытынды	6195	1313	99			1214	1483	3399

Арықбалық ауданы

Арықбалық орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорны	16388	1876	230	75	1162	409	14228	284
Запастағы жерлер (Ақ көл)	1698						1698	
(Байсары көлі)	409					409		
(Имантау көлі)	5492	93			93		5399	
(Лобаново көлі)	423	5			5		418	
"Арықбалық" ұжымдық кәсіпорны	296	268			268		28	
"Златогорское" ұжымдық кәсіпорны	241	228			228		13	
"Имантау" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	466	365	21			344		101
"Лобаново" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	230	228				228		2
"Шалқар" ұжымдық								

кәсіпорны	282	249		249	33				
Озерное орман шаруашылығы									
өндірістік кәсіпорны	7453	218	76	3	110	29	7024	211	
Қорытынды	33378	3530	327	78	1272	1853	21252	8596	-

Зеренді ауданы

"Зеренді" акционерлік									
қоғамы	371	292		292	79				
Запастағы жерлер									
(Зеренді көлі)	1139	20		20	1119				
"Зеренді" орман									
шаруашылығы өндірістік									
кәсіпорны	37441	2476	334	8	1997	137	33716	1249	
Көкшетау балық заводының									
Зеренді тоған шаруашылығы	10	8	8				2		
Зеренді селосы	27	15		15	12				
Қорытынды	38988	2811	342	8	1997	464	33716	2461	
Барлығы	78561	7654	768	86	3269	3531	56451	14456	